

Диссертациялық кеңес туралы Типтік ереженің
№5 Қосымшасы

Ресми рецензент, философия докторы (PhD) А.М. Абызованың «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Қартжан Нарқозы Есенгелдіұлының
«Ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекетінің концептосферасы (қазақ-ағылшын қиял-гажайып ертегілері негізінде)»
тақырыбындағы диссертациясына

ЖАЗБАША ПІКІРІ

Р/Н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қартжан Нарқозы Есенгелдіұлы «Ертегі дискурсындағы акыл-ой әрекетінің концептосферасы (қазақ-ағылшын қиял-гажайып ертегілері негізінде)» тақырыбындағы диссертациясында Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – бұл нық елдің өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын және «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын» басшылыққа алған, яғни мемлекеттік бағдарламаға сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жынындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Соның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті: Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» бағытына сәйкес.

		<p>бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атасын көрсету);</p> <p><u>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</u></p>	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады/қоспайды</u>, ал оның <u>маңыздылығы ашылған/ашылмаған</u>.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымға айтарлықтай үлес қосады. Тіл білімінің, соның ішінде: дискурсология, когнитивті тіл білімі, лингвомәдениеттану, психолингвистиканың дамуына үлес қосатын тың талдаулар жасалған. Дискурсология саласының даму динамикасын талдай келе, қазіргі зерттеу бағытына сәйкес ертегі дискурсының мәнін ашып, қазақ ертегілерінің ұлттық сипатын танытуда ағылшын ертегілерімен салғастыру негізінде екі халықтың терең танымына ассоциативті талдаулар жасап, нәтижелерін ұсынған. Бұл зерттеудің маңыздылығы қазақтың ұлттық ерекшелігін айшақтайдын ертегі жанрындағы халқымыздың танымдық-тариҳи сипатын, қазақ салтын айқындайтын, дәріптейтін құнды ғылыми талдаулар жасалуымен анықталып отыр. Әсіреле, адамның адам болып тіршілік етуінің өзегі – «ақыл» концептісінің мағыналық-ақпарттық өрісін ертегі дискурсындағы паремиялар, этнографизмдер, фразеологизмдер және т.б. сөз қолданыстарын концептуалды, ассоциативті, контексттік талдауы лингво-аксиологиялық мәнге ие.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Қартжан Нарқозы Есенгелдіұлының диссертациялық

		<p>1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.</p>	жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертацияның өн бойындағы пайымдаулар, тұжырымдар мен ғылыми пікірлер және ұсынылған қорытындылар мен нәтижелер кейінгі уақыттағы өзектілігін жоймаған зерттеу еңбектеріне негізделіп жазылған, жаңа ғылыми зерттеу еңбектеріндегі қағидаларды басшылыққа алған және докторанттың жеке пікірімен түйінделіп отырган.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.</p>	Диссертация тақырыбының өзектілігі негізделген. Қазіргі заман – жасанды интеллект өнімдеріне тәуелді болған адамның заманы, яғни адамның бүкіл тұрмысы технологияға бағынышты, ең бастысы, адамның ақыл-ой жүйесі де осы үрдістермен тығыз байланыста болып келеді. Диссертация тілдің антропоөзектік бағытына арналғандықтан, адамның негізгі құндылығы ақыл-ой жүйесінің мәнін жаңа, өзгермелі заман түрғысынан зерттеу үшін халықтың терең танымынан хабар беретін ертегілер таңдалып, оның өзін қазақ және ағылшын ертегілері деп алып, салғастырмалы талдау арқылы адам-танным-тіл үштағаны айналасында маңызды талдаулар жасалған. Қазіргі уақытта адамның ақыл-ой әрекетінің құндылық ретіндегі маңыздылығы арта түсude. Ал қазақтың ертегі дискурсының таңдалуы тақырыптың өзектілігін айқындаі түседі.
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаиды:</p> <p>1) айқындаиды; 2) ішінара айқындаиды; 3) айқындаамайды.</p>	Диссертация мазмұнын, диссидентант келтірген пайымдауларды саралай келе, тақырып айқындалған деуге болады. Жалпы диссертациялық жұмыс нормативтік сілтемелер, анықтамалар, кіріспе, әрқайсысы бес тармақтан тұратын екі тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Қосымшада екі көрсеткіш берілген. Әр бөлімде

		диссертация тақырыбын ашатын өзекті мәселелер талданған.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыпқа толық сәйкес келеді. Диссертант зерттеудің мақсатын айқын қойып, оған жету үшін зерттеудің теориялық-әдіснамалық, практикалық жүйесін жан-жақты айқындаپ, өзіндік эксперимент нәтижелерін ұсынып, оның тиімділігі мен ғылыми құндылығын дәлелдеуді міндет ретінде қойған және міндеттерін толық орындаған.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Тараулардың тақырыбын ашуға бағытталған тармақтар бірізділік ұстаныммен, логикалық жүйемен байланыстырылып жазылған. Бірінші тарау диссертация тақырыбының теориялық аспектілеріне және әдіснамалық негіздеріне арналған. Алдымен ертегі дискурсының, концептілердің зерттелуі мен өзара байланысы талданып, анықталып, концепт және концептаяға лингвомәдени сипаттама берілген. Осы бөлімнің 5-тармағында нақты ақыл-ой концептісінің зерттелуіне тоқталып, келесі тараумен логикалық байланыс сақталған. Екінші тарау ақыл-ой әрекеті концептаясының салғастырмалы және эксперименттік талдауына арналған. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ақыл концептаясының ерекшеліктерін анықтауға арналған ассоциативтік эксперимент нәтижелерін ұсына отыра, тарауда екі тілдегі ақыл-ой концептаясының ұлттық астарларын талдап, ортақ тұстары мен айырмашылықтарын нақтылауға тырысқан. Осылайша, екінші тарау толығымен бірізділікке негізделген.

		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <u>1) сини талдау бар;</u> 2) талдау ішінara жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 	<p>Зерттеу жұмысының теориялық тұжырымдарына байланысты ізденушінің сини талдаулары бар. Мәселен, диссертацияның 1.1 тарауашасында «дискурс» ұғымының анықтамасына қатысты айтылған сини көзқарастары дәлелді шыққан (20 бет).</p> <p>Диссидентант Л.В. Попованаң «концепт» ұғымын анықтауға қатысты көзқарастарды жіктеген кестесіне байланысты сини көзқарас білдірген (42-43 беттер) және ол сәтті шыққан деп айтуда болады.</p> <p>Диссидентант концепті мен мағынаның арақатынасын анықтаған Д.С.Лихачев пен Е.С.Кубрякованаң концепт тікелей сөз мағынасынан пайда болмайды деген пікірлерін он санамайды (55-56 бет).</p>
5.	Фылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінara жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	<p>Бұл ақыл-ой әрекетін екі тілдегі қиял-ғажайып ертегілер негізінде салғастыра зерттеу және оның мәнін ашуда ертегі дискурсын негізге алған тың фылыми жұмыс. Фылыми нәтижелер мен ережелер толығымен жаңа.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <u>1) толығымен жаңа;</u> 2) ішінara жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	<p>Диссертациялық жұмыста берілген қорытындылар толығымен жаңа.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазіргі тіл біліміндегі зерттеулерден «дискурс» ұғымын анықтауда бірнеше көзқарас қалыптасқанын анықтаған (16-28 беттер). 2. Концепті мен концептаяның құрылымдық-семантикалық сипаттына шолу жасап, нақты фылыми тұжырымдар ұсынған (41-52 беттер). 3. Концептіні сипаттаудың лингвомәдени өлшемдерін лингвомәдениеттанымдық бағыт негізінде анықтаған (52-63 беттер).

			<p>5. Қазақ және ағылшын қиял-ғажайып ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті концептаясының өзектелуін нақты мысалдармен дәлелдеген (84-102, 111-130 беттер).</p> <p>6. Ізденуші қазақ және ағылшын ертегі дискурсына тән ортақ және ұлттық ерекшеліктерін анықтап, олардың себептерін түсіндірген (139-151 беттер).</p> <p>7. Қазақ және ағылшын ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті концептаясының вербалдануы мен «ақыл» концептісінің семантикалық ерекшелігін ассоциативтік эксперимент арқылы анықтаған (102-111, 130-139 беттер).</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертацияда қойылған міндеттерге жету үшін қолданылған техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және олар ғылыми-әдіснамалық түрғыда негізделген. Зерттеу барысында google forms қосымшасын ассоциативтік эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін талдау барысында тиімді пайдаланған (102-111, 130-139 беттер).</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған қорытындылар мен тұжырымдар теориялық-эксперименттік, ғылыми түрғыдан қарағанда маңызды дәлелдемелерге негізделген. Жұмыстың әр тармағында берілген мәліметтердің нақтылығын статистикалық талдаулар арқылы көрсеткен. Эксперименттік бөлімде сауалнама жүргізу нәтижелерінде, басқа ғалымдардың эксперименттерін назарға алу кезінде дәлелдемелер қолданылған.</p>
7.	Қорғауға	Әрбір ереже бойынша келесі	7.1 Қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар эксперимент

	<p>шығарылған негізгі ережелер</p> <p>сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <u>1) дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <u>1) ия;</u> <u>2) жоқ;</u> 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды еkenін тексеру мүмкін емес. <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <u>1) ия;</u> <u>2) жоқ;</u> 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; <u>3) кен</u> 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p>	<p>арқылы дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Ұсынылған ережелер жаңа. Дискурста концептіні зерттеудің лингвоконцептологиялық әдісі, ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекеті концептаясын зерттеудің кешенді лингвоконцептуалдық әдісі ұсынылған.</p> <p>7.4 Қорғауға шығарылған негізгі ережелердің қолданыс ауқымы кең десе болады. Магистрлік, докторлық диссертациялар, монографиялар мен оқу құралдарын жазу барысында негізге алуға болады.</p> <p>7.5 Иә. Барлығы 5 мақала жарияланған.</p>
--	--	--

		<p>1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияда әдіснаманы таңдау негізделген. Диссертант тіл біліміндегі негізгі зерттеу әдістерін (сипаттамалық, типологиялық, компоненттік талдау, лексика-семантикалық талдау, өрістік әдіс, концептуалдық талдау, оппозициялық әдіс, салғастырмалы әдіс, сандық-статистикалық талдау) тиімді қолдана отырып, өз тарапынан өртегі дискурсында концептіні зерттеудің кешенді лингвоконцептуалдық талдау әдісін ұсынған. Аталған әдістерден диссиденттүң теориялық және әдіstemелік дайындығының жоғары екенін және зерттеу әдістерін таңдаудаға ерекше ізденіспен келгені байқалады.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдіstemелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертант зерттеу барысында теориялық және әмпирикалық зерттеу әдістерінің жүйесін қолданған, диссертация нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы сипаттамалық, компоненттік талдау, өрістік әдіс, концептуалды талдау, оппозициялық, салғастырмалы және т.б. әдістерді қолданған. Алынған нәтижелерді интерпретациялау әдістері негізінде жинақы, түсінікті формада ұсынған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар</p>	<p>Қазақ және ағылшын өртегілеріндегі ақыл-ой әрекетінің концептаясын анықтау үшін эксперимент жүргізілген. Жеке-жеке талданып берілген. Эксперимент нәтижелері жинақталып, сызба түріндегі суреттермен оңтайлы ұсынылған.</p>

	<p>бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p><u>1) ия;</u> <u>2) жоқ.</u></p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.</p>	
		<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде мынадай еңбектерге сүйенген, олардың теориялық тұжырымдары басшылықта алғынып, сілтемелермен расталған: дискурс теориясы мен дискурстық талдау (К.Ә. Есенова, З.Ш. Ерназарова, Б.А. Ахатова, Г.Н. Смағұлова, Г. Әзімжанова, Б.С. Жұмағұлова, Б. Қалиев, Г. Бұркітбаева, Е. Әлкебаева, Н. Үәли, Б. Құдеринова, Ж.М. Кеншінбаева, Ш.А. Нұрмышова, С.Б. Альпатина, А.Е. Саденова, Ш.А. Сабитова, Г. Мұратова, К.Қ. Садирова, А.Т. Қасымбекова, Л. Ақтанса, А. Әділова); салғастырмалы тіл білімі (З. Ахметжанова, К. Дүйсекова, С. Тажибаева, М.Б. Амалбекова, С. Сәтенова, С.С. Исакова, Ж.Т. Оспанова); мәтін лингвистикасы; лингвомәдениеттану (А. Ислам, Ж. Манкеева, А. Тымболова); лингвоконцептология; ертең дискурсы (С.К. Кенжемуратова, А.Т. Қасымбекова, Н.К. Култанбаева т.б.).</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u>.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, электронды дереккөздерді қосқанда 259 әдебиет қолданылған.</p>

9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p><u>1) бар;</u></p> <p><u>2) жоқ.</u></p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p><u>1) ия;</u></p> <p><u>2) жоқ.</u></p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u></p> <p><u>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</u></p> <p><u>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</u></p>	<p>Диссертациялық жұмыс дискурсология, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистиканың жалпы және жеке сұрақтарын дамытуға, олардың ұғымдық аппаратын толықтыруға септігін тигізеді.</p> <p>Зерттеуде талданған тілдік материалдарды сөздік жасау ісінде, оку құралдары мен оқу-әдістемелік кешендерді толықтырудың қолдануға болады.</p> <p>Диссертациядағы практикалық ұсыныстар толығымен жаңа.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p><u>1) жоғары;</u></p> <p><u>2) орташа;</u></p> <p><u>3) орташадан төмен;</u></p> <p><u>4) төмен.</u></p>	<p>Докторанттың академиялық жазу сапасына жоғары баға береміз. Диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымдық жүйесі докторлық диссертацияға қойылатын талаптар мен стандартқа сәйкес келеді. Зерттеу ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сай орындалған.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>1. Сілтемелер диссертациялық жұмыстарды рәсімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген, дегенмен қазақ тілді әдебиеттерге сілтеме жасау барысында, қазақша оқу ретін сақтаған дұрыс деп санаймыз.</p> <p>2. Диссертацияның ғылыми дереккөздерде кейбір дереккөздердің библиографиялық көрсеткіштері жазылған, сондай-</p>

			<p>ақ ертегілерді талдауда жасалған статистикалық мәлімет жазылған. Бұл статистика диссертацияның 144-бетінде бар.</p> <p>3. Ертегі дискурсы мен ақыл-ой категориясының философиялық, психологиялық, тарихи-әлеуметтік аспектілері талданғанда жұмыстың құндылығы арта тусетін еди.</p> <p>Айтылған ескертпелерді ұсыныс ретінде қабылдауга болады және диссертацияның мазмұнына нұқсан келтірмейді деп есептейміз.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың жарияланымдары диссертация мазмұнына толық сәйке келеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы үлгі		Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Қартжан Нарқозы

ереженің 28-тармағына сәйкес)	Есенгелдіұлына «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.
-------------------------------	--

Қартжан Нарқозы Есенгелдіұлының «Ертегі дискурсындағы ақыл-ой әрекетінің концептосферасы (қазақ-ағылшын қиял-ғажайып ертегілері негізінде)» диссертациясына оң пікірімді бере отырып, қорғауға ұсынуға лайық жұмыс деп есептеймін және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне Қартжан Нарқозы Есенгелдіұлына «8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру туралы өтініш білдіремін.

Рецензент:

I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті гуманитарлық факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы оқытушы-дәріскері, PhD

10.12.2024 жыл



A. Абызова

ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТИНІҢ КАДР САЙСАТАЫН БАСҚАРУ БӨЛІМІ
Колы
РАСТАЙЫНЫ